

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 20 (872) 2 мамыр 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

• Арнайы басылым

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДАҒЫ ТАЙЫНША АУДАНЫНА - 25 ЖЫЛ



Көкшетау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы N 3482 Жарлығына, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасы Заңының Z934200_9-бабына сәйкес, Көкшетау облысының Келлер, Чкалов аудандары таратылып, бұрынғы Красноармейск ауданы Тайынша ауданы болып өзгертілді және Келлер мен Чкалов аудандары Тайынша ауданының құрамына кірді. Красноармейск қаласы Тайынша қаласы деп өзгертілді. Сол кездегі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолданып, сол Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Содан бері – 25 жыл уақыт өтті. Киелі Тайынша елінің топырағы таяқ тастасаң, тал болатын құтты мекен. Әсіресе, ауданның ауылшаруашылығы саласында толымды тірлік көрінеді. Бұған жаз бойы тыным таппаған диқан еңбегінің нәтижесіне зер салғанда көзіміз жетті. Биыл да көктем шыға кетпенін күнге сүйдіріп еңбектенген шаруалар көктемгі егіс жұмыстарына кірісті. Халқымыз: «Жер жомарт, жерге енген ел жомарт, еңбек еткен ер жомарт», - деп тегін айтпаса керек-ті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз сөзінде ауыл шаруашылығына ерекше мән беріп, «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес», - деген болатын. Осы орайда диқан еңбегі қашанда марапат мінберінің алтын тұғыры. Төккен тер мен еткен еңбек еленіп жатса, тіптен ғанибет! Пейілін кеңге, қырманын дөңге салған диқандардың мерекесі де берекелі күзбен тұспа-тұс келеді. Былтыр да «Алтын күз» мерекесін аудан диқаншылары жақсы көрсеткіштермен қарсы алды. Өткен жылы 23-24 қазанда Тайынша ауданы Нұр-Сұлтан қаласында өткен ауылшаруашылық жәрмеңкесіне қатысып, ауданымызда өндірілетін өнімдерді көпшілікке ұсынды. Ауданда ауыл шаруашылығы тұрақты дамып келеді. Ауданда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірумен айналысатын 348 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші бар (254 шаруа, фермер қожалықтары, 2 өндірістік кооператив, 92 жауапкершілігі шектеулі серіктестік). 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 120,3 млрд. теңгені құрады, бұл баға көрінісінде 2020 жылдың ұқсас кезеңінен 14,8% - ға артық. Жалпы өнімнің өсуі ет өндірісінің 4,3% - ға, сүт өндірісінің 2,7% - ға, жұмыртқа өндірісінің 2,2% - ға ұлғаюы есебінен болды.

2021 жылға егіс алқаптарының құрылымы 665,4 мың га құрады, оның ішінде дәнді/дәнді – бұршақты дақылдар – 429,7 мың га, майлы дақылдар – 160,1 мың га, жемшөп дақылдары – 70,9 мың га, картоп – 3,9 мың га, көкөністер-709 га. Егін егуге 8832,9 тонна элиталық тұқым пайдаланылды. Сұрып жаңарту – 12%. Былтыр мал азығына қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында 103,0 мың тонна шөп, 59,4 мың тонна пішендеме, 97,5 мың тонна сабан, 30,1 мың тонна сүрлем дайындалды.

Аудан өз өндірісінің өнімдері есебінен картоп пен көкөністерге деген ішкі қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етеді. 2021 жылы картоптың жалпы түсімі 63,6 мың тоннаны, көкөністер-16,5 мың тоннаны құрады.

Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар қатарында – «Астық-STEM» ЖШС, «Алина» ШҚ, «Қасымов М.К.»

ШҚ, «Табиғат» ШҚ бар, олар жалпы картоп көлемінің 14% - ын және көкөніс өнімдерінің 16% - ын өндіре алды.

Ауданда астық қабылдау үшін 6 лицензияланған астық қабылдау кәсіпорны және жалпы сыйымдылығы 407,2 мың тонна элеватор жұмыс істейді.

Егін жинау жұмыстары дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар бойынша орташа өнімділігі 11,0 ц/га және майлы дақылдар бойынша 7,5 ц/га агроқұрылымдармен аяқталды.

Минералды тыңайтқыштарды тұрақты енгізу «Агроном-Тайынша» ЖШС, «Астық-STEM» ЖШС, «АСАР» ЖШС сияқты жекелеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 20 ц/га жоғары тұрақты жоғары өнім алуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру және топырақтың құнарлылығын сақтау үшін 22,0 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді. Аграршылар жыл сайын машина-трактор паркін жаңартып отырады, 2021 жылы 198 бірлік өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын, оның ішінде 12,4 млрд. теңге сомасына 21 комбайн мен 62 трактор сатып алды.

Ауданда мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Саланы қарқынды жөнінде қабылданған шаралардың нәтижесінде мал басының, құстың және өнім өндірісінің оң өсу үрдісі байқалады. 2022 жылдың 1 қаңтарына мал мен құс басының өсуінің оң динамикасы байқалады. Сүтті мал шаруашылығы жақсы бағыт пен дамуға ие болды.

Ауданда 6 тауарлы-сүт фермасы сүт өндіреді: («Тайынша-Астық» ЖШС - 4098 бас, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС - 633 бас, «Донецкое нұрлы жол» ЖШС - 400 бас, «Новый труд» ЖШС - 501 бас, «Астық-STEM» ЖШС - 1041 бас, «Зеленые луга» ЖШС - 663 бас).

«Етті ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру шеңберінде етті және сүтті бағыттағы 11 асыл тұқымды мал шаруашылығы жұмыс істейді. Ауданда «EMC Agro» ЖШС шошқа кешені жұмыс істейді.

2021 жылы ауданның өнеркәсіп өндірісінің көлемі 108% нақты көлем индексімен 29,4 млрд. теңгені құрады.

2022-2023 жылдарға барлығы 5,8 млрд. теңге сомасына аудандық маңызы бар 144 км жолға орташа жөндеу жүргізу жоспарланған.

Абаттандыру бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. Тайынша қаласының орталық алаңы жаңартылды, осында «Корабль» балалар ойын кешені орнатылды, воркаут тренажерлері, жас балаларға арналған өткеншектер орнатылды. 2021 жылдың қорытындысы бой-

ынша барлығы 2296 адам жұмысқа орналастырылды, 1100 жаңа жұмыс орны құрылды.

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру аясында 2021 жылы 168,2 млн. теңге сомасында 34 кредит берілді.

35,6 млн. теңге сомасында 61 мемлекеттік грант берілді. Кәсіпкерлік негіздеріне 61 адам оқытылды. Тайынша ауданына 271 адам санымен 73 қоныс аударушылар отбасы келді.

Келгендердің ішінен 78 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. 23 отбасы бизнес-идеяларды іске асыруға және өз ісін ашуға грант алды. Ауылдық жерлерде тұратын отбасылар қосалқы шаруашылықпен айналысады.

Ауданда 52 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді: оның ішінде 27 орта, 15 негізгі және 10 бастауыш мектеп. 5 мектеп жанындағы интернат жұмыс істейді.

Салауатты өмір салтын таңдағандар үшін ауданда 240 спорт нысаны бар, оның ішінде 1500 орындық трибунасы бар 4 стадион, 2 шаңғы базасы, 4 ату тиірі, 35 ашық хоккей корты, 6 көше тренажерлері, 1-street workout, 26 баскетбол және 43 волейбол алаңы, 29 футбол алаңы, 69 спорт алаңы және 28 шағын футбол алаңы (жасанды жабыны бар 5 шағын футбол алаңы) бар.

Ауданда спорттың 51 түрі дамыған, оның ішінде 16 олимпиадалық, 12 олимпиадалық емес, 9 ұлттық спорт түрлері және 14 мүгедектер спорты түрлері.

Жаттықтырушы-оқытушылар құрамы-24 адам. Барлық жаттықтырушы оқытушылар жоғары білімді, спорт шебері атағына ие, өз спорт түрлері бойынша санаттары мен чемпиондық регалиялары бар.

Аудан бойынша барлығы 420 секция бар, онда 6860 адам айналысады. Жалпы халықтың 34 пайызы дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысады.

Жалпы, Тәуелсіздігіміздің 30 жылында ұлтымыздың ұясы болған ауылдар алғашқы онжылдықта біраз қиындықты бастан кешіріп, материалдық та рухани жақтан біраз жүдегені мәлім. Дегенмен, мемлекетіміз тарапынан ауылды, ауылшаруашылығын көркейту үшін атқарылып жатқан жұмыстар жақын арада нәтиже көрсетіп, аграрлық сала кең өріс алып, жанданады деп сенгіміз келеді. Ауыл дамыса, ауылшаруашылығы да, мемлекет те дамиды. Тайынша ауданының келешегі зор екеніне де сеніммен қарайық, ағайын!

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДАҒЫ

«Ақынын ардақтаған ел азбайды» дейді дана халық. Бұл үрдіс атадан-балаға мұра болған киелі ұстаным. Қазақ ежелден өнер иесін ерекше құрмет пен ілтінатқа бөлегені белгілі.

Біздің жерлесіміз, ақын-композитор Тыныштық Шаменовтың есімімен жалғыз Аймақ ауылы ғана емес, өнерсүйер барша қауым мақтанатыны сөзсіз. Ақынның Тайынша ауданына арнап жазған «Тайыншада» атты әні ауданымыздың әнұранына айналғандай.



ТАЙЫНШАДА

Сөзі мен әнін жазған: Тыныштық Шаменов.

Көңілдердің қуанышы ажары,
Бар аймақтың сенде болған назары.
Көкшетау мен Қызылжардың Тайыншада
Қықүйекте өтеді екен базары.

Қайырмасы:

Атақты елім Тайыншадан,
Сұрап көрші баршадан.
Құтты мекен жерінен
Бақыт тапқан қанша адам.

Жері жұпар аңқиды,
Қайың мен тал аршадан
Ән мен күйлер шалқиды
Егінді өлке Тайыншадан.

Қариялар сыр шертеді тамсана,
Есте қалар өткен жылдар қаншама.
Балуан-Шолақ ойын-сауық құруға
Жыл сайын ол келеді екен Тайыншаға.

Қайырмасы:

Бұл өмірдің жазы менен күзі бар,
Өтті жылдар, өтті күндер қызығар.
Тайынша деген тұнған тарих ойласаң,
Бабалардың онда қалған ізі бар.

Қайырмасы:

Тайынша ауданы бойынша «Батыр-ана» құрметті атағын алған ардақты аналар

Айходжаева Күнсәуле
Ахметова Насиха Исаевна
Гонгало Галина Ивановна
Григоревская Анна Лазаревна
Есембаева Востай Балабековна
Есмұханова Лидия Петровна
Жұмағұлова Орынбасар Қасқырбайқызы
Ысқақова Мәкеш Наурызбайқызы
Қасенова Алтын
Көшенова Күлзейнеп
Монтаева Болаш
Мұқанова Жамал Ахмедқызы
Мусина Күлжамала
Сәдуақасова Ками Балғожақызы
Тарбакова Шария
Ташетова Шакарман Қасымқызы
Тесля Франя Григорьевна
Урманова Цезария Юльяновна
Чумейко Светлана Иосифовна
Шындаулетова Айман Сатыбайқызы

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДЕРІ

Кислицкий Николай Антонович 1997-1997 жж.
Маковский Анатолий Павлович 1997-2012 жж.
Турков Иван Иванович 2012-2013 жж.
Салтықов Серік Төлеуұлы 2013-2015 жж.
Иманслям Ержан Иманслямұлы 2015-2017 жж.
Дудов Владимир Сергеевич 2018-2018 жж.
Турков Иван Иванович 2018-2020 жж.
Аңбаев Руслан Әкімжанұлы 28.10.2020 жылдан бастап аудан әкімі.

АНА ӨМІРІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Біздің өлкемізде атағы ерен еңбегімен елге танымал аналар көп. Олар ауыл шаруашылығының небір жауапты салаларында бойларындағы күш-қайратын Отан игілігіне жұмсаған батыр аналар!

Осындай батыр аналардың бірі – Жұмағұлова Орынбасар Қасқырбайқызы апамыз. Бұл Батыр ана он құрсақ көтеріп, тағы үш баланы тәрбиелеп өсірген алтын құрсақты ана. Кезінде Көкшетау облысы №246 Красноармейск сайлау округінен сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Жұмағұлова Орынбасар Қасқырбайқызы Еңбекшілдер ауданында туған.

1958 жылдан бері Тайынша ауданында өмір сүріп, талай нәтижелі істердің басы-қасында болды. 1976 жылдары аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің ірі қара малын бордақылау жөніндегі бригадада звено жетекшісі болып еңбек атқарды.

Еңбек пен отбасы тәрбиесін қатар ұстаған Орынбасар Қасқырбайқызы табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі де болды. 1985 жылы депутат болып сайланды.

Ардақты да батыр ана, немерелерінің мейірімді әжесі, өрлігі мен еңбектегі ерлігін ел таныған, қайратын жігеріне жаныған, кеудесіне «Батыр ана» медалін тағынған бұрынғы еңбекқор, бүгінгі күні еңбегінің зейнетін көріп отырған зейнеткер. Осындай батыр аналарымыз аман болсын, аялап отырған балаларының, немере мен шөбелерінің қызығын көрсін! Шежіредей болған асыл аналарымыз өскелең ұрпаққа үлгі болсын.

ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІ

Қазиза Қожанқызы Кеңесбаева

Қазиза Қожанқызының барлық өмірі өзінің туған ауылымен тығыз байланысты, бұл жерде оның балалары туды және ер жетті. Тракторшыларды дайындау жөніндегі жедел курстарды аяқтаған соң, оның зейнеткерлікке шыққанға дейінгі еңбек жолы егін алқабында механизатор ретінде жұмыс істеумен байланысты болды. Бұл алғашқы әйел-механизатор соңынан малды өсіру және азық дайындау жөніндегі Красноармейск аудандық арнайы шаруашылық бірлестігінің механизацияланған звеносының звено басшысы болды. Қазиза Қожанқызы әр жылдары Теңдік ауыл кеңесінің депутаты болып сайланды.

ҚСРО тарихында алғашқы рет әйелдер кеңесінде совет әйелдерінің бірлескен комитетімен биліктің жоғары органына өздерінің лайықты өкілдерін таңдады — халық депутаттарының съезі ішкі және сыртқы саясаттың маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдауға және дайындауға мүмкіндік алды. Бұл әйелдердің саяси және әлеуметтік рөлінің маңызды екендігін көрсетеді, қайта құру, олар саяси және экономикалық жүйе реформаларын өмірде іске асыруға қомақты үлестерін қосты. 1989 жылы 21 наурыздағы Кеңейтілген пленумда биліктің жоғары органына ҚСРО халық депутаттары сайланды. Құпия дауыс берумен 80 үміткердің ішінен 75 халық депутаты сайланды, оның ішінде Қазиза Қожанқызы да болды. 1986 жылы мәдени дәнді дақылдардың бейімді және жоғары сапасын алғаны үшін және ауыл шаруашылық техникаларын жоғары тиімділікпен пайдаланғаны үшін ҚСРО Мемлекеттік жүлдесінің иегері болды, бұл жүлде әлем қорына аударылды. Қазиза Қожанқызы Кеңесбаева еңбек ардагері, дербес зейнеткер, ҚСРО Мемлекеттік жүлдесінің лауреаты, ҚСРО халық депутаты.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 45 шешімімен Қ.Қ. Кеңесбаеваға «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Орынбай Шайханұлы Әлжан

Қызметтің әрдайым ауыр саласы болып келген және қалған ауыл шаруашылық өндірісінде жұмыс істегенде, ол оның дамуына және қалыптасуына өз үлесін қосты. Орынбай Шайханұлы өз жұмысының арқасында жаңа реформаларды жүзеге асыруға, ауылшаруашылық кәсіпорындарының экономикасын жақсартуға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік беретін перспективалық инвестициялық жобаларды іске асыруға белсенді түрде қатысқандардың арасында болды. Оның артында бай өмірлік тәжірибе, маңызды жетістіктер мен адал жұмысы қалды, артақ қарауға, есте сақтауға, мақтануға болатын нәрсе жетерлік. Жоғары кәсібилік, тәжірибе, жауапкершілік, адалдық, әріптестерге мұқият қарау, жоғары еңбек қабілеттілігі мен шығармашылығы оны талантты және беделді көшбасшы ретінде айқындады және басқару мәселелерін шешуге көмектесті. Орынбай Шайханұлы іскерлік және ұйымдастырушылық қабілеттері ұйымшыл ұжым құруға және әр түрлі міндеттерді орындауда табысқа жетуге, осындай күрделі саласының бірі — ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін ерекше шешімдерді іздеуге мүмкіндік берді. Ауыл шаруашылық саласында жұмыс еңбегі өтілі — 57 жыл. Бүгінгі күні ұлдары әкесінің ісін жалтастыруда, ауылдық кәсіпкерлікті дамытуға үлестерін қосып жүр. Орынбай Шайханұлы жанқиярлық, шығармашылық еңбегі, даналығы, талпынысы мен табандылығы жалпыға ортақ құрмет пен жоғары танымға лайық. О. Шайханұлы Әлжанның еңбегін ескере отырып, сондай-ақ кішіпейіл, еңбекқор, шынайы және өз елінің патриоты ретіндегі жеке қасиеттері үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 шілдеде № 266 шешімімен О. Ш. Әлжанға «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Сәбит Мұқанов

С. Мұқановтың еңбек өмірбаянының басым бөлігі Тайынша ауданымен байланысты. Әрқашанда қиын қызмет саласы болып қалған ауыл шаруашылығы өндірісі саласында жұмыс істей отырып, ол оның дамуы мен қалыптасуына өзінің белгілі бір үлесін қосты. Өз еңбегімен жаңа реформалар жүргізуге, тұрған елді мекеннің, жұмыс істелген еңбек ұжымының экономикалық және мәдени әлеуетін арттыруға белсенді ықпал еткендердің қатарында болған.

Сәбит Мұқановтың еңбегін, сондай-ақ оның қарапайым, еңбекқор, нағыз азамат және өз елінің патриоты ретіндегі жеке қасиеттері үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 шілдеде №266 шешімімен С. Мұқановқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Жақсылық Әміржанұлы Ақтан

1978 жылдан бастап және қазіргі уақыт бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша орталық аурухананың бас дәрігері.

1978 жылы «Қазақ ССР-нің денсаулық сақтау үздігі» атағына ие болды, 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясын-10 жыл» мерейтой медалімен марапатталды.

Ж.Ә. Ақтан еңбегін ескере отырып, сондай-ақ кішіпейіл, еңбекқор, шынайы және өз елінің патриоты ретіндегі жеке қасиеттері үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 шілдеде №266 шешімімен: Ж.Ә. Ақтан «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Анатолий Павлович Маковский

1996-1997 жж. — Тайынша ауданы әкімінің бірінші орынбасары, Солтүстік Қазақстан облысы ауылшаруашылығы департаментінің бастығы.

1997-1998 жж. — Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің м.а.

1998-2012 жж. — Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімі.

2012 жылдың 20 қаңтарынан бастап — Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 35/13 шешімімен А.П. Маковскийге «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 279 шешімімен А.П. Маковскийге «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

ТАЙЫНША АУДАНЫНА - 25 ЖЫЛ

ЕРЕН АЗАМАТТАР

Жұмағали Жартайұлы Ғабдуллин

1985 жылы Тәжікстандағы Қайроқұм жер сілкінісі салдары жоюға қатысушы. 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Агроном-Тайынша» ЖШС-нің директоры. 30 жылға жуық уақыттағы титаникалық еңбек пен қажырлы жұмыс аймақ пен оның тұрғындарына баға жетпес пайда әкелді.

Ол өзінің ісін жетекші және ұйымдастырушы ретінде Тайынша өңірінің экономикасын көтеруге бағыттайды. Ол осы аудандағы ең тәжірибелі және құрметті фермерлердің бірі болып саналады.

Агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін адамдарға өзінің біліктілігі мен өмір жылдарын сыйлаған Жұмағали Жартайұлы үшін ауылды дамыту бірінші кезектегі мәселе. Ол ауылдық кәсіпкерлікті дамыту, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелерге үлкен көңіл бөледі.

Ол ауылдағы кадр саясатына ерекше назар аударады, ауыл жастарын нан өсірудің ізгі ісіне тартуға тырысады. Жұмағали Жартайұлы Ғабдуллин — белгілі меценат. Жұмыс істеген жылдары ол көптеген игі және маңызды істер жасады. Біздің мемлекет тарихындағы және қазіргі кездегі ең қиын кезеңдерде ол ешқашан әлеуметтік саланың мәселелерін назардан тыс қалдырмады. Ауданда, ауылдық округте спорттық іс-шараларды өткізуге де-меушілік етеді. Спорт алаңдарын, корттарды салуда, балаларға қатысты барлық іс-шараларда: мектеп оқушылары үшін олимпиадалар мен экскурсиялар, «Мектепке жол» акцияларын өткізуде айтарлықтай көмек көрсетеді. Ол бұрынғы ауғанжауынгерлеріне, қарттар мен мүгедектерге көмектесіп, аға бұынды әрдайым еске алады. Ол Тайынша аудандық мәслихатының төрт шақырылымының депутаты болды. Жұмағали Жартайұлы Ғабдуллинніңсіңірген еңбегін, сондай-ақ оның жеке қасиеттерін, қарапайым, еңбекқор адам, өз елінің нағыз азаматы және патриоты екенін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 421 сессиясының шешіміне сәйкес Ж.Ж. Ғабдулин «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының құрметті азаматы» атағымен марапатталды.

Тілек Әкімбаулы Сәрсенбаев

Оның бүкіл өмірі, өмірбаяны туған жерімен байланысты. Оның еңбек жолы Тайынша механикалық жөндеу зауытында басталды, ол жерден кәсіби өсудің барлық сатыларынан өтті — кірпіш тастаушыдан аймаққа ғана емес, сонымен қатар оның шегінен тыс жерлерде де кең танымал компанияның басшысына дейін — «Тұлпар-Тайынша» ЖШС-нің директоры. Оның басшылығымен балалар көркемсурет мектебі, тұрғын үй кешені пайдалануға берілді, аудан мектептері мен денсаулық сақтау мекемелерінің жылу жүйесі, әлеуметтік қорғау және басқа да нысандар күрделі жөндеуден өтті. Эр түрлі уақытта ол Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының екінші және үшінші шақырылымдарының депутаты болып сайланды, онда ол Тайынша ауданының атынан лайықты қызмет етті. Оның жұмысы мен өмір жолы — Тайынша ауданы тұрғындарының игілігі жолында аянбай қызмет етудің үлгісі. Тілек Әкімбаулы Сәрсенбаевтің сіңірген еңбегін, сондай-ақ оның жеке қасиеттерін, қарапайым, еңбекқор адам, өз елінің нағыз азаматы және патриоты екенін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихаты сессиясының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 421 шешіміне сәйкес Т.С. Сәрсенбаевқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Қайрат Кеңесұлы Шәріпов

Қайрат Кеңесұлының бүкіл өмірі, оның өмірбаяны біздің туған жерімізбен байланысты. Оның еңбек қызметі — ақылдылық, бастамашылық және еңбекқорлық адамға сәттілік пен лайықты құрмет әкелетінінің жарқын мысалы. 1985-1992 жылдары — нұсқаушы, Чкалов аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бастығы, КОКП аудандық комитеті саяси білім кабинетінің меңгерушісі, ауылшаруашылық өнеркәсіп одағының аға маманы. 1992 жылдан 2012 жылға дейін оның еңбек қызметі Чкалов байланыс орталығының директоры, Тайынша қаласы ПБАТ бастығының орынбасары ретінде пошта қызметімен байланысты болды. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатын көздейтін көшбасшының, білікті ұйымдастырушының, ой-өрісі кең адамның жақсы қасиеттері аудандық мәслихаттың депутаттығына үміткер болуға мүмкіндік берді. Бесінші және алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың алғашқы ұйымдастыру сессияларында әріптестері оған хатшы қызметін сеніп тапсыру кездейсоқ емес. 2012 жылдан бастап 2021 жылдың қаңтарына дейін — Тайынша аудандық мәслихатының хатшысы. Қайрат Кеңесұлы Шәріповтің сіңірген еңбегін, сондай-ақ оның жеке қасиеттерін, қарапайым, еңбекқор адам, өз елінің нағыз азаматы және патриоты екенін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 421 шешімінәсілесол «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының құрметті азаматы» атағымен марапатталды.

Анатолий Сергеевич Смолин

1987 жылдан бастап 1996 жылға дейін Көкшетау облысы Красноармейск аудандық сотының төрағасы болып істеген; 1996-1998 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сотының төрағасы;

А.С. Смолиннің еңбегін ескере отырып, сондай-ақ кішіпейіл, еңбекқор, шынайы және өз елінің патриоты ретіндегі жеке қасиеттері үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 шілдеде №266 шешімімен А.С. Смолинге «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Айдархан Әлиұлы Бисембаев

Айдархан Әлиұлы Бисембаев 1943 жылы туған, Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Заречное ауылы. Еңбек жолын 1961 жылы мектеп бітірген соң, Қарағанды қаласының өндірістерінің бірінде жұмысшы болып бастаған. 1962-1965 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бітірген.

1967-1980 жылдары Көкшетау облысы Келлер ауданы комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, хатшысы. Қазақстан комсомолының ІІ-съезіне делегат болып сайланған. Қазақстан Компартиясы Ленин ауданы комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1980 жылдан Көкшетау облысы партия комитетінің жолдама-сымен Көкшетау облысы атқару комитетінің ішкі істер басқармасына жұмысқа келіп, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін осы жерде жұмыс істеген.

Айдархан Әлиұлы Бисембаевтың еңбегін ескере отырып, сондай-ақ кішіпейіл, еңбекқор, шынайы және өз елінің патриоты ретіндегі жеке қасиеттері үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 шілдеде №266 шешімімен А.Ә. Бисембаевқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Сансызбай Алпысбаев

Еңбек жолын «Севастополь» совхозында трактор-егін алқабы бригадасының бригадирі болып бастады. Бұдан соң агроном-тұқымшы, совхоз бөлімшесінің меңгерушісі, Абай атындағы совхоздың бас агрономы болып жұмыс істеді.

1995 жылдан бастап зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін «Племзавод «Алабота» АҚ жұмыс істеді. Көп жылғы ерен еңбегінің ішінде С. Алпысбаев «Племзавод «Алабота» БАҚ басшылық лауазымын атқара отыра, сүт-ет шаруашылығын көтерді, қазақ ақ басты асыл тұқымды малды өсіру және оны іске асырумен айналысатын ірі арнайы кәсіпорын құрды. Өзінің барлық еңбектегі өмірін оңайға соқпайтын ауыл шаруашылық өндірісіне арнап, ол өзінің айналасына мақсатқа ұмтылған команданы біріктіре алды, оларды өзінің соңынан ерте алды және алға қойылған міндеттерін оңтайлы жетістіктерімен шеше білді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 45 шешімімен С. Алпысбаевқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Төлеген Шаймерденұлы Рақымжанов

Көкшетау облысы Красноармейск ауданының Красноармейск ОМ бітірген.

Зандылықтарды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмысқа қарсы тұру — Төлеген Шаймерденұлының күнделікті негізгі атқарған қызметі. Төлеген Шаймерденұлы азаматтық батылдық, табандылық, адамгершілік сияқты қасиеттерімен ерекшеленеді. Оның қызметі құрмет, билік, беделдік пен ризашылықты тудырады.

Т.Ш. Рақымжановтың көпжылдық адал еңбегі көптеген наградалар мен құрмет атақтарына ие болған. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2018 жылғы 18 шілдеде № 188 шешімімен Т.Ш. Рақымжановқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Ерғалиев Жабал Ерғалиұлы

1997 жылы Көкшетау облысы қысқартылғаннан кейін «Көкшетау» қалалық газетінің шығарылуын ұйымдастырды, бұл 1824 жылы құрылған Көкшетау қаласының тарихында алғашқы болды.

2011 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты болып сайланды. 2014 жылдың 17 қазанынан бастап ғылым және әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі Комитеттің мүшесі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 45 шешімімен Ж.Е. Ерғалиевке «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Рафальский Анатолий Павлович

2003 жылдан бастап және қазіргі уақыт бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы тайынша орталық аурухананың бас дәрігері.

1991 жылы «Қазақ ССР-нің денсаулық сақтау үздігі» атағына ие болды, 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясы — 10 жыл» мерейтой медалімен, 2007 жылы «Шапағат» медалімен, 2009 жылы «Астанаға — 10 жыл» мерейтойлық медалімен, 2010 жылы «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төс белгімен, «Мәслихатқа 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінен алғысы бар. «Денсаулық сақтауды ұйымдастырушылардың — Үздік менеджері» номинациясы бойынша атағын беру үшін Республикалық конкурстың бірнеше дүркін қатысушысы болды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 45 шешімімен А.П. Рафальскийге «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Қонысбаев Төлеген Уәлиұлы

Еңбек жолын Көкшетау облысы жеміс сүтті Краснояр совхозының инженер-электригі болып бастады. Бұдан соң Көкшетау облысы облыстық өндірістік бірлестігінің бас инженері болып жұмыс істеді. Көкшетау облысы Көкшетау ауданы ауыл шаруашылық басқармасының бас инженер-механигі, Көкшетау облысы Чкалов ауданы «Амандық» совхозының директоры, Көкшетау облысы Қазақстан Компартиясы Чкалов аудандық комитетінің екінші хатшысы, Көкшетау облысы Чкалов агроөнеркәсіп одағының төрағасы, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Петровка» ЖШС директоры, қазіргі уақытта «Агрофирма Эксимнан» ЖШС директоры лауазымын атқарады.

Т.В. Қонысбаев облыстық мәслихаттың төртінші шақырылымының депутаты болып сайланды, Кокчетав және Чкалов аудандық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып бірнеше рет сайланды. Тайынша аудандық мәслихаты депутаты болып та сайланды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 45 шешімімен Т.У. Қонысбаевқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Ысқақов Қаиырбек Теміржанұлы

1972 жылдан бастап 1994 жыл аралығында Ленинград, Келлер аудандарының партиялық, комсомол және атқарушы биліктерінде жұмыс істеді.

1994 жылдан бастап 1998 жыл аралығында — Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы.

1998-1999 жылдан бастап — Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы қаржы бөлімінің меңгерушісі.

1999-2006 жылы — Тайынша ауданы әкімінің орынбасары 2006-2010 жылы — Тайынша аудандық мәслихаттың хатшысы. Қайырбек Теміржанұлының үлкен беделі тегіннен емес. Ол көп жылдық еңбегімен, мемлекеттік қызметке адал берілгендігімен, адамдарға пайда әкелуге деген талпынысынан, мақсатқа қол жеткізу және алға қойылған міндеттерін адал орындауға деген ұмтылысымен қол жеткізді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 45 шешімімен Қ.Т. Ысқақовқа «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

ЕЛІНІҢ КӨРКЕЮІ – «ЕЛІМ» ДЕГЕН АЗАМАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ



Суретте: Орынбай қажы Әлжан тегі-ауылшаруашылығы саласының ардагері, ауданның құрметті азаматы және 2018-2020 жылдардағы аудан әкімі И.И. Турков.

Теңдік ауылы Тайынша ауданының орталығынан 25 шақырым қашықтықта орналасқан. Селолық округтің орталығы. Мемлекеттік тілде білім-тәрбие беретін орта мектебі бар. Теңдік ауылы қоныс тепкен жерді жергілікті көнекөз қариялар Қаратомар деп атаған. Ауыл-селоны жаңғырту мәселесі тек өндірістік-экономикалық қана емес, әлеуметтік-саяси мәні зор мәселе, оны шешуді барлық селолық әкімдіктер мен серіктестіктердің, шаруа қожалықтары басшыларының, ең негізгісі — «Елім» деген ел азаматтарының бірлесіп көтерер жүгі деп білеміз. Ауылы үшін маңдай терін төгіп, елінің күннен-күнге көркейіп, алға басуына айрықша мән беріп отырған азаматтарымыз, құдайға шүкір, баршылық. Солардың қатарында — «Менмендікті жеңген — инабатты, ашуын жеңген — ақжарқын, құлқынның жеңген — бақытты болады» деген анасының даналық сөзінен сусындап, қадірлі азамат ретінде қалыптасқан, ары таза абзал жан — Орынбай Шайханұлы Әлжанов.

Орынбай Шайханұлы 2004 жылы Мекке-Мәдинаға алғаш барып, одан кейін де үш рет барып қайтты. Ауылында имандылықты, салауатты өмір салтын насихаттаудан бір жалыққан емес. Осының дәлелі болса керек, ауыл дүкенінде алкоголь ішімдігі сатылмайды. Қажы ағамыздың ой-өрісінің кеңдігі, көрегендігі мен көп оқығандығынан болар, үйде кітаптардың ұзын саны бес жарым мыңдай болған. Бір жарым мың әдеби кітапты ауылдың мектебіне сыйға тартты. Серіктестік кеңсесінде де әр түрлі кітаптар бар.

Бүгінде Шоқан мен Ақан әке жолын қуған нағыз ауыл шаруашылық мамандары. Немерелері аталарының қуанышы. — «Немерелерім жұрттың ала жібін аттамайтын, елдің игілігі үшін еңбек ететін азаматтар болып өссе екен деп тілеймін», дейді отанасы, ақылшы әже-Бақыт Сұлтанқызы. Ауылының шаруашылығын өрге өрлетіп, тұрғындардың көңілін тауып отырған азамат, ауылдың сыйлы ақсақалы — Орынбай Әлжанов. Өзінің ақыл-ой парасатының молдығы, кез-келген адаммен тіл табыса алатындығы, мүлт жібермес әділдігі, сөзге тұрақтылығы, үздеге берік, таймас табандылығы, шаруашылық жөнінен жетік білетінінің арқасында ел құрметіне бөленіп отыр. Елінің көркеюі — ел тілегін ақтаған азаматына байланысты болса керек. Жас кезінде, мүмкін, елінің дуалы ауыз ақсақалдарынан: «Халқыңа жасаған жақсылығың алдыңнан шықсын», «Бақыт қонып, босаңа байлансын», -деп бата алып, сол баталар қабыл болып жауып тұрған болар.

Түйін. Тұяқсызды тұлпар қып, қанатсызды сұңқар ғып, ұяты барды ұлтан ғып, елінің қамқоршысы болып, ортамызда жүрген ардақтыларымызды құрметтеу арқылы тәуелсіз еліміздің ертеңін жарқын етуге, дүйім еліміздің рухын бекемдеуге ұмтылыс үстінде Орынбай Шайханұлы тектес ел азаматтарына қарап ой түзеуге, болмыс-бітіміміз бен мінез-пиғылымызды сапалық деңгейге көтеруге болады десек, ол — шындық. Бұл «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді», -дейтін сыңаржақ эгоистік пиғылдан да биік тұрған текті түсінік, ұлықты ұғым. Осы ағаларымызға еліктеп, тура сондай болмасқа та, ұқсап бағайық!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.



Тайынша қаласында жаңа жыл қарсаңында құрамажем зауыты ашылды. Жалпы “Элеватор Тайынша” серіктестігі астықты қабылдап, оны кептірумен және сақтаумен айналысады. Енді қосымша элеватор төңірегінде тағы да бір жаңа жұмыс орны пайда болды. Осы құрамажем зауытын іске қосу үшін инвестрдің жеке қаражатынан 1 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалған. Өндіріс ошағында шикізаттың 30 –дан аса түрі шығарылмақ. Жалпы, кәсіпорынның қуаттылығы жылына 130 мың тоннаны құрайды.

Бүгінгі таңда “Элеватор Тайынша” Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті Шиназбек Балқыбек Жайлаулы басқарады. Элеватор төңірегінде газ құрылғысы да іске қосылған, барлық құрылғылар газбен жұмыс істейді, биылғы жылы көмірдің қажеттілігі жоқ деп айтуға болады. Бұл жерде майлы дақылдарға арналған элеватор қалпына келтіріліп, астық сақтауға арналған қойма да жаңартылған.

ТАЙЫНША ЖӘРМЕҢКЕСІ

Орынбай қажы ӘЛЖАН,
Тайынша ауданының Құрметті азаматы.

Қайсібір елдің, жердің, өзен-сулардың халық қалап қойған атауы болады. Солардың бірі – біздің ауданымыздың атауы Тайынша. «Бұл қашан, қайдан, қалай пайда болған атау», - деген сұрақтар тағы бар. Биыл аталған Тайынша жәрмеңкесінің ашылғанына 159 жыл болады. Олай болса, туған өлке тарихына кішігірім саяхат жасап, туған өлке тарихынан бір үзік сыр шертуді жөн көрдім.

Балуан Шолақ:

«Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында
Көтердім 51 пұт гірдің тасын»...

Біздің аудан орталығынан солтүстік шығысқа қарай 60 шақырымдай жерде, қазіргі Киров селосының жанында шағын көл бар, ол көл Тайынша (яғни, ірі қараның төлі - тана) деп аталады. Ал, жергілікті шаруашылықтың №4 бөлімшесі орналасқан жерде екінші шағын көл – Сеңдікөл бар. Екі көлдің арасы 4-5 шақырым. XIX ғасырдың орта шенінде 1863 жылдары Қызылжардың Ганьшин атты I гильдиялы күпецінің таңдауы дәл осы екі көлдің аралығында тоқтап, жәрмеңке (ярмарка) ашылған. Жәрмеңке жылына 2 рет 25 сәуірден 25 мамырға дейін (көктемгі) және 1 қыркүйектен 1 қазанға дейін (күзгі) өткізіліп тұрған. Жәрмеңкенің өткізілетін мерзімі халықтың қажеттіліктері мен тұтыну мөлшеріне байланысты болған. Көршілес Ресейдің – Нижний Новгород, Самара, Ирбит жәрмеңкелерінен келетін саудагерлер қазақ даласына қажетті өндіріс тауарларын жергілікті халықтың мал шаруашылығы өнімдеріне, малдарына айырбастаған. Кейде жергілікті халық тауарды бір базардан екіншісіне дейін қарызға да алады екен. Ең қызығы, осынау алыс-берістің көбі саудагер мен алушының арасында ешбір құжатсыз, сөз жүзінде жүзеге асырылған. Қол алысып, орысша айтқанда «слово купца» - сөз беру белгілі бір шартты мерзімде орындалып отырған. Әрине, ата-бабаларымыз сөздің қадір-қасиетін білген ғой. Ұйымдастырылған жәрмеңкеге жиналған жұртшылық сауда-саттықпен шектеліп қана қоймай, ең үлкендері мен билер алқасы ел мен жер дауын, барымта, ұрлық-қорлыққа қатысты мәселелерді шешетін болған, балуандар

күресі, айтыстар ұйымдастырылып, ақындар мен әнші-күйшілер өнер көрсеткен. Тайынша базары бірте-бірте асқан дарын иелері жиналатын өнер ордасына айналады. Мәселен, Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Біржан сал, Ақан сері, Тезекбай сынды қазақтың жүйрік әлі майталман ақын-жыршылары өз өнерлеріне дүйім жұртшылықты тәнті еткен. «Сентябрь базарының» бір тұсында ақындар айтысып жатса, енді бірінде әсем ән мен қоңыр күй әуендері адамның жан-дүниесін тебірентіп, өзіне баурап жатады. Балуан Шолақ сол заманның ірі балуаны ғана емес, сонымен қатар цирк өнерінен де хабары болған. Мысалы, шауып келе жатқан жүйрік аттың біресе оң жағына, біресе сол жағына түсіп мінсе, кейде аттың үстінде тік тұрып та шабатын. Тұла бойындағы күш-қуатын басқа да амал-тәсілдерімен көрсете білген. Осынау танымал жәрмеңкенің дәл біздің өңірімізде орналастырылуының өзінде бір мән бар шығар?! Әрине, туған өлкеміздің суы таза, оты шүйгін, табиғаты жан-жануарға жайлы. Оған қоса, көршілес Ресеймен шекаралас. Кезінде қызылжарлық Ганьшин мырзаның жәрмеңкеге арнап дәл осы өңірді таңдауында да осынау қолайлы жағдайлар ескерілген болуы керек. 1927 жылдары Кеңес үкіметі тұсында Тайынша жәрмеңкесі жабылып қалды. Соңғы рет жиналған базарды жергілікті белсенділер мен ОГПУ-дің өкілдері күшпен таратып жіберді. Себебі, 1928 жылы баршаны конфискация науқаны күтіп тұрды, байлардың мал-мүліктері тәркіленіп, Ф.И. Голощекин бастаған Қазақстан өлкелік партия комитетінің жер аудару туралы жасырын қаулысы шыққан болатын. РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1920 жылғы 5 тамыздағы Қаулысымен 1921-1922 жылдары Петропавл-Көкшетау теміржолы салынды. Құрылыс жұмыстарына солтүстікқазақстандық азаматтармен қатар, орталық Ресейден, Оралдан, Сібірден келген құрылысшылар да жұмылдырылды. Ұзындығы 133 шақырым теміржолды 1922 жылы маусым айының бас кезінде бітірді. Ал, біздің стансаға Тайынша жәрмеңкесінің атауы берілді.

Бүгінде қаланың, ауданымыздың «Тайынша» аталуы осыдан өз бастауын алады. Еліміздің әлеуеттік-экономикалық дамуында зор үлес қосып келе жатқан Тайынша ауданының болашағы зор деген үміттемін. Тайыншаның топырағы киелі, тынысы кең, жомарт жандардың, білімділер мен өнерлі азаматтардың, көп ұлттың бас қосқан құтты мекені.

«ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТАРИХЫ»



Айтбай СӘУЛЕБЕК

Тайынша ауданының тарихы

История Тайыншинского района

Тайынша ауданы біздің облыстың қарқынды дамып келе жатқан аудандарының бірі. Өзінің тарихы, табиғаты, халқымен бай өңір десек, қателеспейміз. Әр ауылдың, әрбір отбасының өзіндік тарихы бар. Ауданда көпұлтты этнос өкілдері шоғырланған. Жалпы ауданның өткені мен бүгінгі таңдағы өмір белестері бейнеленіп, алтын әріптермен жазылған кітап жарыққа шықты. Кітаптың авторы Айтбай Саулебек мырза, әрине, жергілікті халықпен, түрлі қауымдастықпен ақылдаса отырып, кейінгі ұрпаққа естелік кітап жазғаны, тайыншалықтар үшін үлкен қуаныш болды. Кітаптың тұсаукесер мерекелік іс – шарасы аудандық кітапханада өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Тайынша ауданының тарихы» кітабының жарыққа шығуы – аудан тарихындағы ерекше есте қалар жаңалық, халқы үшін үлкен мәртебе! Кітаптың авторы, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, публицист-жазушы Айтбай Сәулебек мырзаға және осы кітаптың жарыққа шығуына қатынасып, ат салысқан аудан әкімдігі мен редакциялық кеңеске барша тайыншалықтардың алғысы шексіз!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Дуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 153 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтіні хабарлама беруші автор өзі жауапты.